



**АСТАНА АКШАМЫ**

## **Ағаны жоқтау (Ақселеу рухына)**

Агатай, қалай түстің көрге мұздай?  
Өмірің болды бізге енді аныздай.  
Қасқайып көшті бастап жүруші едің,  
Күніреніп көкірегін нар қобыздай.

Секілді Асанқайғы дала кезген,  
Іздедің елдің жоғын бала кезден.  
Күйдірдің қанатында қазағым деп,  
Алайған арашалар ала кезден.

Өз басын күйттеуді ар санаған,  
Ел үшін ет жүрегін паршалаған –  
Зар болдық көлеңкеңнің қызығына,  
Емендей иілмейтін еңселі ағам.

Халықтың қазынасын арқалаған,  
Ер едің өрге салса шаршамаған.  
Байтақ жер, байтақ жүртты айтпағанда,  
Жасаған жақсылығың қанша маған.

Жалт етіп жарқыраған ұлы бейнен,  
Жалымыз жығылып тұр күдірейген.  
Япыр-ау, енді кіммен толтырамыз,  
Орнынды ортамызда үңірейген?

Әкелді ауыр қазаң елге қайғы,  
Көңілдің жайлауынан шаң борайды.  
Мөлтілдеп екі көзге жас келеді,  
Естісек «Сарыарқаң» мен «Дәурен-айды».

Қалайша сені ойламай көз ілемін,  
Төбемнен жай түскендей сезінемін.  
Алтайды, Алатауды алты айналған,  
Арқаның көкбөрісі өзің едің.

Қазақтың қара тұтып таңғы аспаны,  
Жоғалттық тағы да бір марғасқаны.  
Жау келсе жасқанбастан сілтейтұғын,  
Алаштың емес пе едің алдаспаны.

Шылбырдай шолтаң етсе мына жалған,  
Құтылмас пенде қашып сүм ажалдан.

Ешқашан өлмек емес сендей адам,  
Соңында тозбайтұғын мұра қалған.

Сұрапыл қайғы деген жел тынған ба,  
Жоқтығың батады екен әр күн жанға.  
Алансыз алшаң басып жүруші едім,  
Арқамда асқар тауым сен тұрганда.

Құрандай қастерлеген күй өнерін,  
Сенгірім, қайран Ақам, сүйенерім.  
Боздап тұр сені жоқтап қалың елін,  
Босатып бозінгендей жүйелерін.

Орныңнан жылағанмен сен тұрмайсың,  
Ортайған ел көңілін толтырмайсың.  
Білдік пе, қадірінді білмедік пе,  
Қайтадан қолға түспес алтындейсың.

Хан болсаң – Қасымдайсың, Есімдейсің,  
Орданды енді қайтып көшірмейсің.  
Бес күндік қу тірлікте абайламай,  
Алдыңнан кесіп өтсем кешіргейсің.

Төр болсаң – Сарыарқаңың төсіндейсің,  
Жыр болсаң – сырғып аққан Есілдейсің.  
Жасайсың қазағыңмен мәңгі бірге,  
Рухыңның жаққан отын өшірмейсің!

Несілбек АЙТҰЛЫ